

"Хабар агенттігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорны қызметінің жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 380

ҚРТ жабық акционерлік қоғамы теледидары (Ресей) мен "Хабар" агенттігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорны "Хабар" радиосының бағдарламаларын беру жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орындау мақсатында Қазақстан Республикасының

Үкіметі

қаулы

е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі:

мемлекеттік тапсырыс бойынша өнімдердің (жұмыстардың, қызмет көрсетулерінің) жарнамасын қоса алғанда, жалпы мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды таратудың бар шарттарын сақтай отырып, "Хабар" агенттігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Хабар" радиосы мен "Еуразия+ҚРТ" жабық акционерлік қоғамының бағдарламаларын таратудың көлемін айқындасын және олардың тоқтаусыз б е р і л у і н қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

"Хабар" агенттігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Хабар" радиосы мен "Еуразия+ҚРТ" жабық акционерлік қоғамы бағдарламаларының берілуін санкцияландырылмаған тоқтатуды болдырмау жөнінде қажетті шаралар қолдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1998 жылы республикалық бюджеттен "Мемлекеттік телерадиохабарларын беру жөніндегі байланыс қызметтеріне ақы төлеу" бағдарламасы бойынша "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы көздеген қаражатты азайтудың есебінен ҚРТ жабық акционерлік қоғамы теледидары (Ресей) және "Хабар" агенттігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорны "Хабар" радиосының бағдарламаларын беру жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орындау үшін "Хабар агенттігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына 518 (бесжүз он сегіз) миллион теңге бөлсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі